



Ергөбек С., Үсенова П.

**МАЙЛЫ ҚОЖА ЖӘНЕ
«КӘЛИЛӘ МЕН ДИМНӘ»
ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ
ЖЫРЛАНУЫ**

В статье рассматривается связь классической восточной литературы с казахской. Авторы уделяют внимание переводу известного восточного фольклорного произведения “Калила и Димна”.

The connection between classical eastern literature and kazakh is considered in this article. The authors pay attention to the translation of famous eastern folklore work of “Kalila and Dimna”.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті ерекше өскен көркейген әдебиет болды. Даму бағытына қарап, саралап сөз етер болсақ, әлбетте, ең алдымен, ауызға ілігері, ойға оралары дәстүрлі жыраулық, ақындық поэзияның дамуы. Осы кезеңде қазақ елінің орыс патшалығы қол астындағы бодан жұрт болуына орай қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінен үлгі, өрнек алып өскен жаңа, сыншыл реалистік жазба әдебиеті болды. Бұл – қазақ әдебиетінің үлкен, ауқымды саласы болып дамып кетті. Бүгінгі жан-жақты дамыған, байыған ұлттың әдебиеті, сөз жоқ, сол дәстүрдің заңды жалғасы. Орыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне жасаған игі ықпалы, әсіресе кешегі кеңес дәуірінде тамсана, тамылжыта сөз етілді. Сонымен бірге, бұл салада А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» мен Сәкен Сейфуллиннің қазақ әдебиетінің дамуы туралы айтқан ойларының орны өте-өте ерекше [1;2]. Осы үлкен әдеби екі арнаның қасында өз өсуі мен даму жолы ұзақ ғасырларға жол тартатын үшінші арна болды. Ол - өзінің ұлы бастауын ортағасырлық түркі және Алтын Орда дәуірлерінен алатын кітаби жазба әдебиет [3]. Бұл әдебиеттің аталған кезеңде, яғни XIX-XX ғғ дамуы ерекше болды. Ол тақырыптық-мазмұндық жағынан да, мәндік-маңыздық жағынан да, жанрлық және көркемдік тұрғыдан да жан-жақты өсуі осы кезеңде болды. Бұл әдебиет кеңес дәуірінде саяси тұрғыда қудаланып, тоқырауға ұшырады. Үлкен мәдени ортадан ығыстырылып ауылдық әдебиетке айналды. Оның сілемі кешегі өткен ғасырдың 70-80 жылдарына келді. Әдебиетіміздің бұл саласы М.О.Әуезов айтқандай [4], тақырыбының басым бағыты мұсылмандық шығыс болды. Шығыс классикалық әдебиеті мен «Мың бір түн», «Тотынама», «Кәлилә мен Димнә» секілді ертегілері, яғни шығыс фольклорының інжу-маржандары еді. Әлбетте, кітаби ақын-жазушыларымыздың барлығының дерлік мұсылманша сауатты, арабша, парсыша оқып өскен, жер-жерде, қазақ ішінде ілім шашқан ағартушы ұстаз-молда болуына орай олардың бірінші жырлаған тақырыбы – дін тақырыбы болды [5]. Сондықтан да бүгінгі таңда оларды діни-ағартушылық ағым өкілдері ретінде қарастыру орын алды [6].

Шындығында, бұл - өзінше өну, өсу, даму жолы, қалыптасқан дәстүрі бар, негізінен дін тақырыбын, шығыс фольклорын нәзіралық дәстүрде қайта жырлаған, бұл дәстүрді қазақ фольклорын жинау, жазып алу, қайта қорыту, қайта жырлау, кітап етіп бастыру ісінде де қарқынды қолданған басым сарыны романтикалық сарын



болған ежелгі ұлттық әдеби дәстүрді бүгінгі күнге жалғаған шынайы жазба әдебиет еді. Оның мәтіндік материалдары қазір кей сәттерде жазба әдебиет, көп жағдайда фольклор, кей сәттерде қазақ халқының ауызша әдебиеттен жазба әдебиетке өтер сәтіндегі аралық кезең ретінде қарастырылып, пайдаланылып келеді. Мысалы, ғалым Н.Келімбетов - жазба әдебиет, А.Қыраубаева - аралық кезең, Б. Әзібаева – дастандық эпос ретінде таниды.

Діни ағартушылық және дастандар табиғаты жөнінде ғалым Б.Әзібаева: «...Қазақ даласында Ислам дінінің тамырын терең жаюында діни дастандардың рөлі ерекше болды. Себебі, Ислам дінінің нығаюы үшін күрес әрекеттері соңғы ғасырларда екі жолмен іске асып отырды: яғни, бірінші әдіс Ислам таратушылардың іс-жүзіндегі (мешіт, медресе) үгіт-насихат жүргізуі арқылы жүзеге асса, екіншісі – ақын жанды дала тұрғындарының жан-жүрегіне жыр сөздерімен (діни дастандар) әсер ету арқылы орындалған тәрізді», - дейді. Сонымен бірге, ғалымның «Діни дастандар өзінің сюжеттерін, мазмұны, шығу тарихы, даму, таралу жолдары жағынан әр түрлі. Бірақ олардың барлығы идея жағынан бірігеді, ол – Исламдық руханият құндылықтарын үгіттеу, мұсылманшылықты өмір сүрудің негізі деп түсіндіру идеясы» [7.12-13] деген пікірі кітаби, діни ақын шығармашылығының өзіндік ерекшелігін, идеялық түп-қазығын танытса керек.

Жалпы қазақ әдебиетінің шығыс халықтары фольклоры мен әдебиеті материалдарымен жұмыс жасаған, шығармашылық еткен қазақ ақындары өте мол. Әлбетте, бұл салада ауызға алдымен ілігетіні бүгінгі әдебиеттану ғылымында кітаби ақындар, қиссашыл ақындар секілді түрлі атаулармен беріліп жүрген діни медреселерде оқыған, арабша, парсыша сауатты молда ақындар: М.Қалтайұлы, Шәді Жәңгірұлы, Ақылбек Сабалұлы, Жүсіпбек Шайқысламұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Мұсабек Байзақұлы, т.б. болды. Бұлар кітаби ақын, шайыр ретінде Құран сюжеттерін, Пайғамбарлар өмірі мен ұрпақтары, діни, тарихи тұлғалар мен оқиғалар, «Мың бір түн» ертегілерін, «Шаһнама» жырларын, «Тотынама» ертегілерін, сондай-ақ Рабғузи қиссаларын, т.т. көп жырлаған, сол арқылы қазақ әдебиетін діни тақырыптармен, діни сюжеттермен т.б. байытқан кезең әдебиетіне мол үлес қосқан шығармашылық иелері болды. Бұл тақырыпқа ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында бұлардан өзге де көптеген қазақ ақындары барып жатты. Олардың қатарында ұлы ағартушы ақын-жазушыларымыз Ы.Алтынсаринды, А.Құнанбаевты да атауға болады. Ы.Алтынсарин өзінің «Қырғыз хрестоматиясында» батыс ағартушы қаламгерлердің сонымен қатар, қазақ және шығыс фольклоры материалдарын қайта қорытып, қазақ балаларына ұсынды. Бұл да өзгеше бір назирашылдық шығармашылық еді. Сол секілді Абай да «Мың бір түн» ертегілеріне зер салып, жырлап отырды. Жоғарыда аталған шығыс фольклорының ішінде қазақ ақындарының ерекше назар аударған шығармалары «Тотынама» мен «Кәлилә мен Димнә» ертегілері болды. Бұл жағдай, әсіресе, қазақ әдебиетіндегі мысал жанрының дамуына қатысты көп көрініс берді.

«Кәлилә мен Димнә» кітабы – әлемдік әдеби жәдігер. Ол Шығыс пен Батыс әдебиеттерінің тақырыптық, жанрлық жағынан дамуына бірдей үлкен ықпал етті. «Панчатантра», «Кәлилә мен Димнә», «Стефанит пен Ихнилат» сияқты әр түрлі аттармен белгілі болды. Белгілі арабтанушылардың айтуынша, Шығыстың драма мен новелла жанрларының қайнар көзі «Кәлилә мен Димнә» кітабындағы тәмсілдер мен диалогтарда жатыр. Қазақ әдебиеті мен «Кәлилә мен Димнә» кітабының байланысын сөз етер болсақ, оның сюжетінің көріністері қазақтың жануарлар жайындағы «Қу түлкі», «Тасбақа мен кірпі», «Тотықұс», «Екі теке», «Ауырған арыстан», «Түлкі, қасқыр, арыстан, түйе» т.б. сияқты ертегілерінде кездеседі. Мұндағы жануарлардың бейнелерінен адамдардың әр түрлі қасиеттерін көруге болады. Түлкі сияқты айлакер, қулар дүлей күштің иелерін қулықпен, айламен жеңіп отырса, бөдене, қырғауыл сияқты әлсіздерге қулығын өткізе алмай жеңілуге мәжбүр болады.

Сонымен қатар, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде «Кәлилә мен Димнә» мысалдарының сюжеті желісімен мысал жазған қазақ ақындары де жетерлік. Мысал тақырыбына қалам тартқан қаламгерлеріміздің барлығы дерлік И.Крыловтан аударған, И.Крылов мысалдарының желісімен жазған деген болжам басым болғаны белгілі. Біз бұл зерттеу жұмысымызда қазақ ақындарының жазған мысалдарын И.Крыловтан аударған болса, қалай аударғанын, олардың мәтіндерін салыстырып көруге талаптанамыз. Қазақ ақындары жас шағында мұсылманша оқып, араб-парсы тілдерінен дәріс алып, шығыс мәдениеті мен әдебиетімен сусындаған болса, онда олар «Мың бір түн», «Ләйлі-Мәжнүн», «Кәлилә мен Димнә», «Тотынама» сияқты дүние жүзіне белгілі Шығыстың әдеби шығармаларымен И.Крыловсыз да таныс болғандығы даусыз [8.26].

Бұл пікірді қазақ кітаби ақындарына, олардың «Тотынама» мен «Кәлилә мен Димнә» ертегілерін мысал етіп жырлауына қатысты ерекше атап айтуға болады. Мысалы, Молда Мұса, Нұржан



Наушабайұлы, Майлы қожа және Шәді Жәңгірұлы мысалдары тікелей шығыспен байланысты жырланғаны дау тудырмаса керек.

Осы мәселе жөнінде «Кәлилә мен Димнә» ертегілерін орыс тілінен аударып, кітап етіп бастырған (1962) ғалым, аудармашы С.Талжанов былай дейді: «Кәлилә мен Димнә» кітабының кейбір тараулары қазақ тілінде бұрын да болды. Мысалы, Жәһангер ұлы Шады төре жазған «Бәлғұм Бағұр» атты қысаның 22 бетінде мынадай сөз бар.

«Ат қойған бәһәр дониш» бір кітаптын
Айтқанын білдірейін айлап ызхар».

Аударып отырғанын өзі де жасырмайды. Бұл қыса таза қазақ тілінде жазылмаған, мұнда араб, персі, түрік сөздері аралас отырады. Осы тараудың ішіндегі басты кейіпкер – Бәрхаман. Мұны автор қате түсініп отыр, «Брахман дінідегі бір адам» деудің орнына оны кейіпкердің аты деп ұққан. Ал, қанша шұбар тілмен жазылса да, қазақ аударып отырғаны айқын сезіледі, өйткені әлгі Бәрхаманның әйелін суреттегенде:

«Бар еді бір қатыны анын және,
Сұлулық суретіне жоқтұр шама,
Жүзі гүл, шәші сүмбіл, лебізі бұлбұл,
Келмеген ондай әйел бұл жәһәнға»- депті.

Осы қысаның 22-бетіне 46 бетіне дейін «Бес қатынның хикаясы» айтылады. Күйеулерін алдаған бес қатынның мекерлігін «бес бәйіт» деп атайды, онысы «Панчатантраға» («Бес кітап – бес әңгіме») мезгеп отырады, оның үстіне «Бес бейітте» ұшырайтын әңгімелердің көбі «Кәлилә мен Димнәда» («Панчатантрада») кездеседі [9.277].

Автор осы жерде «Кәлилә мен Димнәны» араб тілінен қазақ тіліне аударған Сәкен Ғылыманов пен Ғұбайдолла Ахметов секілді кісілерді де атап кетеді. Яғни, «Кәлилә мен Димнә» аудармалары қазақ әдебиетінде тек орыс тілінен ғана емес, тікелей араб тілінен де аударылып отырғаны және назиралықпен қайта жырланып отырғаны аңғарылады.

«Кәлилә мен Димнә» ертегілерін мысал етіп жырлаған кітаби ақындардан өзге ХХ ғасыр басында шығармашылық еткен А.Байтұрсынов, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, С.Дөнентаев секілді ақындарды да ерекше атап өту керек.

«Кәлилә мен Димнә», «Тотынама» ертегілерінің қазақ тілінде мысал түрінде жырлануына үлес қосқан ақындарымыздың бірі – Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Ақын шығармашылығы әдебиет тарихына қатысты көптеген әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан әр кез сөз болып келеді. Атап айтсақ, Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің тарихы», Р.Бердібай, Т.Еңсегенов еңбектері, т.б. Осы орайда, Майлы ақын шығармашылығы туралы көп еңбектенген ғалым ретінде Ә.Оспанұлын айрықша атап айту қажет. Ақын шығармаларын жинай жүріп, жинақ етіп, басы шағын «Нақыл» жинағынан басталған ақын мұрасы ғалым еңбегінің нәтижесінде өте үлкен көлемді «Майлықожа» жинағына ұласты. Майлықожа әдеби мұрасын жан-жақты қарастырған ғалымның зер салған бір мәселесі – ақын мысал өлеңдері мен дастандары [10.115-125].

Қазақ мысалының қалыптасуы мен дамуын зерделеген ғалым Т.Еңсегенов ақын мысалдарының «Кәлилә мен Димнә» кітабындағы мысалдармен сюжеттік параллельдерге құрылғанын жан-жақты талдап, дәлелдейді [10.25]. Майлықожа мысалдарында «Кәлилә мен Димнәдағы» дәстүрлі дидактикалық сарын сақталады. Дегенмен ақынның шеберлігіне байланысты шығармалардың көркемдік, эстетикалық жақтан түрленіп, идеялық-тақырыптық жаңашылдығымен ерекшеленеді. Майлықожа Сұлтанқожаұлының шығармалары қатарында «Кәлилә мен Димнәның» мотивіне құрылған «Бұлбұл», «Қасқыр», «Тотынама», «Момын», «Аңқау мен қу» секілді бірнеше мысалдары бар. Оның «Бұлбұлы» Абай жырлайтын «Шегіртке мен құмырсқа» мысалына біршама сәйкес келеді. Бұл мысалда «ала жаздай ән салған» шегіртке еңбекшіл құмырсқадан көмек сұраса, Майлықожаның бұлбұлы өзге кейіпкерсіз жеке сөз болады. Ақын бұлбұл тағдырын адам тағдырымен сабақтастықта қарастырады:

Сөйлейін медет тілеп бір алладан,
Ахуалын адам бар ма біле алған?
Ауамдық, асылықпен күн кешіріп,
Тірліктің әуресінде жүрер адам...
Өмірдің көріп тұрмын кемігенін,
Дүниеге қалай, көңілім, елігемін...
Өтерміз дүниеден бәріміз де



Ілгері бұлбұл торғай мыжазындай, - деп барып ақын ертеңін ойламаған әнші бұлбұл тағдырын жырлайды. Оқиға соңында:

Ілгері ән боп еді сайрағаны,
Жаз өтер деп қыс қамын ойламады.
Ахуалы адамзаттың сол секілді,
Әр адам пікір қылса ойланады...
Тұрмыстың азды-көпті толқынында

Бұлбұлдай қапаста тұр көңіл ділгір, - деп жалпы адам өмірін, тұрмысын өз көңіл-күйімен байланыстырады. Сол секілді ақынның «Момын» атты мысал дастаны да «Кәлилә мен Димнәдағы» «Арыстан мен бұқа туралы» деген тараудың ішінде айтылатын бір тақуаның бастан кешкен бірнеше оқиғасы өз желісін сақтай отырып жырланады. Бірақ ақын шығарма алдында жеті шумақтан тұратын өзінің насихат жырларымен бастап, негізгі оқиғаны сөз етеді. Бұл жолдарда ақын бұл дүниенің өтпелілігің, жақсылық, жамандық туралы, жақсылықтың қай уақытта болса да, жамандықты жеңіп шығатынын толғайды. Сөз соңында:

Жақсылық отқа күймес, суға батпас,
Гауһар тас жарық қылмай жерде жатпас.
Қолдан келсе етіңіз жақсылықты,

Жақсылықты еткендер жаман таппас, - деп жақсылықты, тазалықты, адал өмірді уағыздайды.

Ақынның осы тақырыптағы келесі бір шығармасы – «Тотынама». Шығарманың атына қарап, оның негізі З.Нахшабидің «Тотынамасынан» алынған деп топшылауға болады. Өйтсе де, бұл шығарманың түп негізі «Кәлилә мен Димнә» ертегілерінде жатыр, бірақ шығарма оқиғасын бастан кешетін екі құс тоты емес, С.Талжанов аудармасында Тытава атанатын теңіз құсы деп беріледі. Сонымен бірге, бұл шығарма өз жүйесімен толық жырланбайды. Мекиеннің қоразына айтқан екі үйрек пен бір тасбақа туралы нақылы алынып тасталған. Сөйтіп, екі теңіз құсының оқиғасы дара жырланған. «Кәлилә мен Димнәда» балапандары суға кеткен екі құс көп құстарға шағымданады. Олар жиналып, өздерінің қамқоршысы құс патшасы Анкаға жалбарынады. Ол теңіз күзетшісімен соғысады, араға патша келіп килігеді. Әділ шешім жасап, екі Тытаваның балапандарын қайтарып береді. Майлықожа екі теңіз құсын қазақ ұғымына лайықтап, тоты деп алады. Құстар қамқоршысы Анканы қазақ ұғымындағы құс патшасы Самұрықпен ауыстырады. Нәтижесінде назиралық дәстүрде дүниеге келген қазақы шығарма - мысал туады. Мысал жанрына барған қазақ ақындарының көпшілігі оқырманына арнап, өзі жырлағалы отырған тақырыпқа дайындайды. Сонымен бірге, мысал оқиғасының соңына оқырманның шығармадан қандай өмірлік ой түйі қажеттігін де уағыз-насихат етіп толғап отырады. Сол секілді Майлықожа да шығарма кіріспесі ретінде бірнеше шумақ өлең жолдарын береді. Шығарма соңында мекиеннің ұяны қауіпсіз жерге салу, балапандарды аман-есен өсіру жөнінде айтылған дұрыс пікірін қораз тотының тыңдамауы, даңғойлық көрсетуі, соның нәтижесінде ұяның да, балапандардың да теңіз суына қарық болуын мысал етіп қазақ өміріне қатыстырып, тұрмысына лайықтап, жақсы әйел туралы сөз етеді:

Бала деп баласынба ақылы болса,
Сөзінде қариядай нақылы болса.
Қатын деп қатыннан да қапыл қалма,
Ілгері еркектен де ақылы болса.
Алысты жат көрмесе азаматым,
Шығарса мейман күтіп ердің атын.
Сол секілді әйелдің қадірін білмей,
Кемсіткеннің әйел деп өзі қатын.
Жақсы қатын жігіттің жан жолдасы,
Десе де бәлки «жаным» болмайды асы.
Үр болып ақыретте қосылады,
Аумаса бір-бірінен ықыласы.

Қарастырылған тақырыптан мына секілді мәселелерді аңғаруға болады: бірінші, қазақ кітаби ақындарының «Мың бір түн», «Кәлилә мен Димнә», «Тотынама» секілді шығыс фольклорының классикалық үлгілері мен жете таныс болғандығы; екінші, сол материалдарды шығармашылықпен қарап, талғап, кітаби назирашылдық дәстүрде қайта қорытып отыруы; үшінші, сол қорытылған материалдың өзін онан әрі елеп-екшеп, қазақ халқының бітім-болмысына, таным-түсінігіне әбден



ынғайлап жырлап, қазақ оқырманына арнап, қорытынды ойлар, пәлсафалық түйінді шешімдер ұсынып отыруы. Бұл айтылған жайлар қазақ кітаби ақындарының ол шығыс фольклоры материалын негізге алып, қисса жырласын, не хикая сөйлетсін, не мысал өлең, мысал қисса жазсын, олардың ақындық шығармашылық шеберханасының өзіндік ерекшелігін танытады. Бұл шығармашылық шеберханалық ерекшелік Майлықожаға да тән екендігі оның шығармашылығының басым бөлігінен, соның ішінде мысалдарынан да айқын көрінеді. Сонымен бірге, бұл әдеби құбылыс қазақ әдебиетіндегі мысал жанрының туу, өркендеу жолын да танытады.

Қорыта айтқанда, шығыс фольклорының көрнекті үлгілері «Тотынама», «Кәлилә мен Димнә», «Мың бір түн» ертегілерін қазақ тілінде мысал өлең, мысал дастан етіп жырлаған Майлықожаны қазақ әдебиетіндегі мысал жанрының қалыптасуы мен дамуына мол үлес қосқан ақын деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Ақ жол. - А., 1991.
2. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. - Алматы, 1931
3. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. - Алматы, 2000.
4. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. - А., 1991
5. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. - А., 1988.
6. Қалижан У., Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғасы. - Астана, 2000.
7. Бабалар сөзі. Көп томдық. 1-том. - Астана. 2002.-448б.
8. Салқынбаев М.Б. XX ғасырдағы қазақ-араб әдеби байланыстары: КД. - Алматы, 2006.
9. Талжанов С. «Кәлилә мен Димнә» туралы. Кітапта: Кәлилә мен Димнә. - Алматы, 1962
10. Оспанұлы Ө. Қаратау шайырлары. - Алматы: «Қазақ университеті», 1991.
11. Еңсегенов Т. Казахская басня. Филол. ғ.к. ... дисс. – Алматы, 1982.